


ҚОҒАМ



ҚАЛАДА ЖЫЛУ ЕРТЕ БЕРІЛЕ БАСТАДЫ

2-бет

«Жайықжылукуат» АҚ 25 қыркүйектен бастап түскен тапсырыстарға қарай әлеуметтік, мәдени нысандарға жылу беруді бастады.

ИНВЕСТИЦИЯ



ҚАРАЖАТ ТОЛЫҚ ИГЕРІЛУІ ТИІС

3-бет

Оралда коммуналдық қызмет көрсететін «Батыс су арнасы» ЖШС күні бүгін 273 275 230 теңгеге 12 жобаны жүзеге асырған.

КӘСІП-НӘСІП



«ДАМУ» ДЕМ БЕРГЕН ЖОБАЛАР

4-бет

Биыл шағын бизнес өкілдерінің кәсібін дамытуға бағытталған «Өрлеу» бағдарламасы мен «Кепілдік қоры» іске қосылды.

ЖОБА-ЖОСПАР



АРА БАҚҚАН ҒАЛЫМДАР

5-бет

Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың жас ғалымдары 2020 жылдан бері бал арасы шаруашылығын дамыту бойынша ғылыми жобалармен айналысуда.

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

Газет 1917 жылдың 28 шілдесінен бастап шығып келеді. 1968 жылы "Құрмет Белгісі" орденімен марапатталған

www.zhaikpress.kz

oral_oniri@inbox.ru



ORAL ÓÑİRİ



№83 (21476)

Сейсенбі,

14 қазан 2025 жыл

6+

Нәдіров оқулары және академик Әйтімов



8-9

Жас ақындар, асығыңдар!

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның халық жазушысы, тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері

Қадыр Мырза Әлидің 90 жылдығына арналған облыстық жас ақындар мүшәйрасына өлең-жыр қабылдау биылғы 20 қазанға дейін ұзартылды.

«СӨЗ ҚАДІРІ - ӨЗ ҚАДІРІҢ»

облыстық мүшәйрасының ережесі



ҚАДЫР МЫРЗА
ӘЛИДІҢ
ТУГАНЫ
90 ЖЫЛ

Биыл қазақтың аса көрнекті ақыны Қадыр Мырза Әлидің туғанына – 90 жыл. Осыған байланысты республика көлемінде көптеген іс-шара ұйымдастырылуда. Соның бірі – «СӨЗ ҚАДІРІ - ӨЗ ҚАДІРІҢ» облыстық мүшәйрасы.

Мүшәйраның ұйымдастырушысы:

Қазақстан Жазушылар одағының Батыс Қазақстан облысындағы өкілдігі мен «Жайық Пресс» ЖШС.

Мүшәйраның мақсаты:

Қадыр есімін ұлықтау, кітап оқу мәдениетін жандандыру, жас қаламгерлер арасындағы байланысты нығайту, олардың шығармашылығын дамыту, қолдау білдіру.

Мүшәйра шарты:


Жыр сайысына Батыс Қазақстан облысының аумағында тұратын 18-35 жас аралығындағы жас ақындар қатыса алады. Олар Қадыр Мырза Әлиге арналған бір өлеңін, сондай-ақ еркін тақырыптағы бір өлеңін биылғы 20 қазанға дейін oral_oniri@inbox.ru электронды поштасына жолдайды. Қатысушылар шығармашылық өмірбаянын сапалы суретіне қоса жібереді. Қосымша файлда аты-жөні, өңірі, жұмыс орны, электронды поштасы, байланыс телефоны көрсетілуі тиіс.

Өлеңдер басылым беттерінде жарияланбаған болуы шарт. Поэзиялық шығарманың көлемі 10 шумақтан аспауы тиіс. Өлеңдердегі ойдың салмақтылығына, өлең мәтінінің көркемдік

ерекшеліктеріне, туындының идеясына, тілдік сауаттылығына, тақырыптың ашылуына баса назар аударылады. Мүшәйраға жолданытын өлеңдерге «Сөз қадірі - өз қадірің» деген айдар қойылуы шарт.


Мүшәйра қорытындысы:

Қазылар алқасы өлеңдерді іріктейді. Іріктеу барысында қазылар алқасы тарапынан жоғары баға алған ақындар Орал қаласында өтетін мүшәйраның қорытындысына шақырылады. Мүшәйраның жеңімпаз-жүлдегерлері дипломдармен және қаржылай сертификаттармен марапатталады.



Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ

Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ – Қазақстан дамуының басты шарты. Бүгінде елімізде бұл бағытта нақты қарамдар жасалуда. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы (2015 ж.) сыбайлас жемқорлықпен күрестің негізгі құқықтық базасы ретінде қызмет етеді. Аталған заңға сәйкес мемлекеттік функцияларды атқаратын тұлғаларға, сондай-ақ оларға теңестірілген қызметшілерге жоғары жауапкершілік жүктеліп, қаржылық декларация тапсыру, мүлкті жария көрсету, пара алу мен беру үшін қатаң жаза көзделген. Сонымен қатар «Мемлекеттік қызмет туралы» заң мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексін, мінез-құлық стандарттарын айқындап, мемлекеттік қызметке қабылдау жүйесін ашық әрі әділ етуге бағытталған. Соңғы жылдары «Құқықтық актілер туралы» заңға енгізілген өзгерістер заң жобаларына міндетті түрде сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жасауды талап етеді. Бұл кез келген жаңа норманың ішінде жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу үшін қажет. Бұған қоса, мемлекеттік құрылымдарда ішкі және сыртқы талдау арқылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау міндет-



телген, яғни әрбір мекеме өз жұмысында тәуекел картасын жасап, соған сәйкес алдын алу шараларын енгізуге тиіс. Дегенмен заңнамалық негіз болғанымен, тәжірибеде әлі де проблемалар бар: декларациялардың толықтығы мен жариялылығы жеткіліксіз, кейбір мемлекеттік органдарда тәуекелдерді талдау үстірт жүргізіледі, сот процестерінде ашықтықтың жеткіліксіздігі қоғамда сұрақтар тудырады. Осыған байланысты Мемлекет басшысы жолдауларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты күшейтуді, мемлекеттік аппараттың ашықтығын арттыруды, халыққа есеп беретін мемлекет қағидасын нығайтуды баса айтып келеді. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022–2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы бұл саладағы басты бағдар болып табылады. Онда мемлекеттік құрылымдардың, азаматтық қоғамның және бұқаралық ақпарат құралдарының бірлескен іс-әрекеті қарас-

тырылған. Қоғамдық бақылаудың ролін арттыру, халыққа ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету, мемлекеттік сатып алулар мен бюджеттің орындалуын барынша ашық ету – осы стратегияның негізгі бағыттарының бірі. Бүгінде «Ашық бюджеттер», «Цифрлық мемлекет», «Электрондық үкімет» жобалары аясында мемлекеттік қызмет көрсету рәсімдері жеңілдетіліп, артық бюрократия қысқаруда. Бұл да жемқорлық тәуекелдерін азайтуға ықпал етеді. Дегенмен түпкі мақсатқа жету үшін тек заңдар мен мемлекеттік бағдарламалар жеткіліксіз, әрбір азаматтың да адалдық пен әділеттілікті өмірлік қағидаға айналдыруы маңызды. Сыбайлас жемқорлықпен күрес тек мемлекеттік құрылымдардың міндеті емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі екенін ұмытпауымыз қажет. Әрбір азамат заңсыздықты көрсе, үнсіз қалмай, әділет үшін әрекет етсе ғана елімізде нағыз сенім мен әділдік салтанат құрады. Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ – Қазақстанның тұрақты дамуының, ұлттың бірлігі мен берекесінің кепілі.

Д. ШЫНТЕМІРОВА,
Тасқала аудандық қазынашылық басқармасының басшысы

«ҚазТрансОйл» АҚ Атырау мұнай құбыры басқармасы «Орал» ЖӨДС «Үлкен Шаған» МАС атмосфералық ауада ластайтын заттардың жол берілетін шығарындылар нормативтерінің (ЖШН) жобасы» (түзету) жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетіні туралы хабарлайды.

Өту күні, уақыты және орны: 2025 жылғы 18 қараша, сағат 11:00-де. БҚО, Бөйтерек

ауданы, Көшім а. о., Үлкен Шаған кенті, Абай көшесі, 19 (ауылдық клубы).

Бастамашысы: «ҚазТрансОйл» АҚ АМҚБ «Орал» ЖӨДС, БИН 970540000107, БҚО, Орал қ. Абай даңғылы, 59. Тел.: 8(7112) 98-12-80.

Әзірлеуші: «ҚазТрансОйл» АҚ «ЗЭО» филиалы, Астана қ., М. Ғабдуллин көшесі, 2. БИН 000941000473. Өкіл: А. М. Бегимбетов. Байланыс телефоны: 87779995018, электрон-

ды поштасы: ABegimbetov@kaztransoil.kz

Жобалау құжаттамасы пакетімен ndbecology.gov.kz және «БҚО ТР және ТІРБ» ММ сайттарында танысуға болады. Қосымша ақпаратты Masilov@kaztransoil.kz электронды поштасы, 8(7112) 98-12-53 телефоны бойынша алуға болады. Ескертулер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz сайтында және tabigat_zko@mail.ru электронды мекенжайында қабылданады.

Кеме иелерінің назарына!

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитеті «Қазақстан су жолдары» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Орал-Каспий филиалы 2025 жылдың 26 қазанынан бастап ұзындығы 43 шақырым болатын Кривостарицкий жарынан Н. Барбастау жарына дейінгі Батыс Қазақстан облысы Жайық өзенінің учаскесінде навигацияның жабылғаны туралы хабарлайды.

ЕГЕР СЕН ҚИЫНДЫҚҚА ДҮШАР БОЛСАҢ,


ҚАЙДА ХАБАРЛАСУ КЕРЕК ЕКЕНІН БІЛЕСІҢ БЕ?

- ӨЗІҢІЗ КІНӘЛІ СЕЗІНУ. ХАЛЫҚАДЫҚ ӨЗ-ӨЗІҢЕ КҮМӘНДАНУ СЕЗІМДЕРІ ЖҮІ БАЙҚАЛАА МА?
- СЕНІ БІШКІМ ТҮСІНБЕУ ЖҮР МЕ?
- УАҚЫМЫҢДЫ ХАЛЫҚ ЖЕҢЕ АЛМАУ ЖҮРСІҢ БЕ?

CALL CENTER

1301

БАҢСҚА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АҚПАРАТ ҚАҒАПАТЫ



Еске алу


Сырым ауданындағы Жымпиты ауылының тұрғыны болған клас-тас досымыз, ардақты азамат, асыл жар, қадірлі әке **Қуат Мақсотұлы Жұматаевты** сағына еске аламыз.

Кластасымыз бүгінде тірі болса, 15 қазан күні 70 жасқа толар еді.

Қаратөбе, Жымпиты аудандық милиция саласында майор шенімен күзет басқармасының басшысы болып қызмет атқарды. Адал еңбегімен сыйлы, отбасындағы сыйластық пен бірлік, олардың өмірлік ұстанымының негізі болды.

Жалғастырар сенің ізгі жолыңды, Аман болсын артта қалған ұрпағың!

Жатқан жері жарық, топырағы торқа, иманы жолдас болсын.



Сағына еске алушылар:
1972 жылғы Жымпиты орта мектебінің 10-сынып түлектері

«Жайықмұнай» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, 2025 жылғы 24 қараша сағат 11:30-да Батыс Қазақстан облысы, Бөйтерек ауданы, Сұлукөл ауылының ауылдық клубы, Достық көшесі, 14-мекенжайы бойынша «**«Жайықмұнай» ЖШС 2026 жылға ЧМГККО үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алуға өтініш материалдары**» жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Тіркеу талқылау басталғанға дейін 60 минут бұрын басталады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдау онлайн режимде өтеді. Тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет:

<https://us04web.zoom.us/j/77876331305?pwd=f3x3ixgw14x3lfuBNFDolqaj2k72H.1>

Конференция идентификаторы: 778 7633 1305

Кіру коды: 4A4AC4

Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы: «Жайық-мұнай» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Орал қ., А. Карев көшесі, 43/1; БСН: 970340003085; телефоны: 8 (7112) 93 39 00 (6195); Rustam.Uteshev@nog.co.uk;

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Тех-булак» ЖШС; Қазақстан Республикасы, Қазақстан, Орал қ., Сарайшық көшесі, 44/3; БСН 111240020185; Телефоны: 8 (7112) 50-30-46; tekhbulak@mail.ru

Жоба бойынша құжаттама www.ndbecology.kz ақпараттық порталында және Батыс Қазақстан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-zher-paidalanuy/activities/directions?lang=ru> қоғамдық тыңдаулар бөлімінде орналастырылған.

Қосымша ақпаратты Орал қаласы, А. Карев көшесі, 43/1 мекенжайы бойынша және 8 (7112) 93 39 00 (доп. 6195) телефоны, e-mail: Rustam.Uteshev@nog.co.uk алуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстарды www.ndbecology.kz ақпараттық порталында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде немесе Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының қызметкері zko_forest@bko.gov.kz электрондық поштасына қабылдайды;

Географиялық координаттар: 51°23'14»N52°08'53»E

«Жайықмұнай» ЖШС әкімшілігі

«ORAL ÓNIRI» Батыс Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газеті. 090000, Орал қаласы, Мұхит көшесі, 57/1. E-mail: oral_oniri@inbox.ru

Меншік иесі: «Жайық Пресс» ЖШС

Бас директор Дархан ОРАЗОВ

Редакция алқасы:
Бас редактор Бауыржан ҒҰБАЙДУЛЛИН
Нұртай ТЕКЕБАЕВ,
Гүлсезім БИЯШЕВА
(бас редактордың орынбасарлары)

Жаннат ЕСПОЛАЕВА (жауапты хатшы)

Бас директордың қабылдау бөлмесі 50-30-14.
Бас редактор 51-25-80.
Бас редактордың орынбасарлары 54-18-08.
Жауапты хатшы 54-38-22.
Жарнама қабылдау тел./факс: 51-51-09.
Эл. пошта: zhaikpress-reklama@mail.ru
Бухгалтерия 54-04-90.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
Қолжазбаларға пікір айтылмайды және пайдаланылмаған хат авторларына жауап қайтарылмайды.
Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты. Жарияланым авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді. «Орал өңірінде» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Мақалалар электрондық нұсқада қабылданады.
А белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Газет облыстық «Oral óniri» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.
«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.
Л. Толстой көшесі, 27/6. Телефон: 50-51-46
Индекс: 65428. Осы нөмірдің таралымы: 8875
4 баспа табақ. Газет аптасына екі рет шығады.

Корректорлар: **Н. СҰЛТАНОВА,**
Г. ҚОЛҒАНАТОВА

Кезекші редактор: **Г. КЕНЖЕФАЛИЕВА**

Газет ҚР Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 19 мамырда тіркеліп, №КЗ49УУ00070442 куәлігі берілген



zhaikpress.kz